

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1 61-2023 30.11.2023 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 1 - 10

ЭЛЕКТИВТІ ПӨНДЕР КАТАЛОГЫН ӘЗІРЛЕУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Алматы
2023 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1 61-2023 30.11.2023 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 2 - 10

МАЗМҰНЫ

1	Кіріспе.	3
2	Нормативтік сілтемелер.	3
3	Қолданылған қысқартулар.	4
4	Негізгі ұғымдар мен анықтамалар.	4
5	Жалпы ережелер.	5
6	Элективті пәндер каталогын өзірлеу рәсімі.	6
7	Жауапкершілік, келісу	7
8	Өзгерістер енгізу тәртібі	8
9	Тарату, сақтау	8
10	Келісу парагы.	9
11	Танысу парагы	10

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.61-2023 30.11.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 3 - 10

«Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы»
РММ Фылыми кеңесінің 2023 жылғы
30 қараша №4 хаттама шешімімен

БЕКІТІЛДІ

1. Кіріспе

- Осы Ереже элективті пәндер каталогы (бұдан әрі – ЭПК) (бұдан әрі – Ереже) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің әрбір білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – ББ) бойынша элективті пәндердің мазмұны туралы білім алушылардың ақпараттандырылуын іске асыру және ЭПК өзірлеу тәртібін белгілейді. Элективті пәндер каталогы ББ құрылымдық элементі болып табылады. ЭПК-на ЖБП, БП, БП циклдарының барлық таңдау пәндеріне (бұдан әрі – ТП) енгізіледі.
- Ережені Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының (бұдан әрі – Академия) қабылдау комиссиясына және оқу үдерісін ұйымдастыруға қатысатын бөлімшелері қолданады.
- Осы құжатталған рәсім ішкі құжат болып табылады және Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының сапа менеджменті жүйесі құжаттамасының құрамына енеді.

2. Нормативтік сілтемелер

- Осы құжат келесі құжаттардың негізінде әзірленген:

 - «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы.
 - «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.
 - «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің ұлгілік қағаидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Фылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандығы №595 бұйрығы.
 - «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағаидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Фылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы.
 - Т.К. Жүргенов атындағы ҚазҰФА-ның 2016-2026 жылдарына даму Стратегиясы.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1 51-2023
	Ереже нормативтік құжаттың түрі	30.11.2023 ж.
		Бет 4 - 10

3. Қолданылған қысқартулар

ҚР ғжбм – Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрлігі
МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттар
ЖЖОКБҰ – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
ЭПК – элективті пәндер каталогы
ОЖЖ – оқу жұмыс жоспары
ЖОЖ – жеке оқу жоспары
ББ – білім беру бағдарламасы
ОН – оқыту нәтижелері
ТК – Тіркеуші кеңсе
ЖМП – жалпыға міндettі пәндер
БП – базалық пәндер
БП – бейіндік пәндер

4. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар

Оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын мен өзінде бойынша алған, көрсететін білімінің, машиқтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар.

Жеке оқу жоспары (ЖОЖ) – білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде әдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары.

Элективті пәндер каталогы (ЭПК) – барлық пәндердің жүйелі аннотацияланған тізімі, олардың қысқаша сипаттамасы, қысқаша мазыны (негізгі бөлімдері) және күтілетін оқу нәтижелері (студенттер алған білім, білік, дағды және құзыреттілігі) көрсетілген.

Таңдау компоненті – жоғары оқу орындары ұсынатын оқу пәндерінің және олардың пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде студенттердің өз бетінше таңдалап алатын кредиттердің (немесе академиялық сағаттардың) тиісті ең төменгі көлемдерінің (немесе академиялық сағаттардың) тізбесі.

Құзыреттілік – оқыту процесінде алған білімді, іскерлікті және дағдыларды кәсіби қызметте практикалық қолдану қабілеті.

Міндettі компонент (Core Component) – міндettі компонент – МЖМБС белгілеген және міндettі түрде оқу бағдарламасы бойынша оқытын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі.

Кредиттік оқыту технологиясы (Credit System of Education) – академиялық кредиттер жинай отырып, пәндерді және (немесе) модульдерді оқу кезектілігін таңдау және білім алушыларға дербес жоспарлау негізінде оқыту.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ <u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	П 017-1 51-2023 30.11.2022 ж. Бет 5 - 10
--	--	--

Пәннің сипаттамасы (Course Description) – пәннің мақсат, міндеттері мен мазмұнын қамтитын пәннің қысқаша сипаттамасы (5-8 сөйлемнен тұрады).

Пререквизиттер (Prerequisite) (Пререквизиттер) – оқылатын пәнді және (немесе) модульдерді игеру үшін қажетті білім, білік, дағды және құзыреттіліктері бар пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлері.

Постреквизиттер (Postrequisite) (постреквизит) – пәнді оқу аяқталғаннан кейін алынған білім, білік, дағды және құзыреттілігі талап етілетін пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа түрлері және (немесе) модульдер.

Оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ) – білім беру бағдарламасы мен студенттәрдің жеке оқу жоспары негізінде білім беру ұйымы өз бетінше әзірлейтін оқу құжаты.

Эдвайзер (Advisor) – тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының академиялық тәлімгері қызметін атқаратын, оқу траекториясын тандауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын мендеруге ықпал ететін оқытушы.

Элективті пәндер – белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде жоғары оқу орнының компонентіне және тандау компонентіне кіретін және білім беру ұйымдары енгізетін, белгілі бір аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен сұраныстарын ескере отырып, студенттің жеке дайындығын, жоғары оқу орнының қалыптасқан ғылыми мектептерін көрсететін оқу пәндері.

Транскрипт (Transcript) – менгерілген пәндердің және (немесе) модульдердің және кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізбесін қамтитын құжат.

5. Жалпы ережелер

5. Оқытудың кредиттік технологиясы білім алушылардың жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ететін жұмыс оқу жоспарына (ЖОЖ) енгізілген тандау бойынша пәндерді тандау еркіндігін көздейді.

6. Бакалавриат және магистратура ББ оқу жұмыс жоспарларында білім алушыларға пәндердің екі тобы ұсынылады. Біріншісі – міндетті түрде оқуға жататын пәндер, екіншісі – студенттердің өздері тандаған пәндер.

ЭПК болашақ кәсіби қызметті ескере отырып, пәндерді дұрыс тандауда маңызды рөл атқарады.

7. ЭПК-ның басты мақсаты білім алушыларға олардың саналы тандауын қамтамасыз ету үшін элективті пәндер бағдарламаларын оқытудың қысқаша мазмұнымен және нәтижелерімен танысуға мүмкіндік беру болып табылады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1 61-2023 30.11.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 6 - 10

6. Элективті пәндер каталогын әзірлеу ресімі

8. ЖЖОКБҰ-ның әрбір білім беру бағдарламасы бойынша элективті пәндер каталогы әзірленеді. ЭПК білім алушыларға жеке білім беру траекториясын қалыптастыру үшін элективті оқу пәндерін балама таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламасы мен ЭПК негізінде білім алушылар әдвайзерлердің көмегімен ЖОЖ әзірлейді. ЖОЖ әрбір білім алушының жеке білім беру траекториясын анықтайды. ЖОЖ-ға міндетті компоненттің (МК), ЖОО компонентінің (ЖК) және таңдау компонентінің (ТК) пәндері мен оқу қызметінің түрлері (практика, ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысы, қорытынды аттестаттау нысандары) енгізіледі. Білім беру бағдарламаларының мазмұны оқу жоспарлар мен бағдарламалар арқылы іске асырылады.

Оқу жоспарлары екі нысандада әзірленеді:

- 1) Оқу жұмыс жоспарлары (бұдан әрі – ОЖЖ);
- 2) Жеке оқу жоспарлары (бұдан әрі – ЖОЖ).

9. ОЖЖ-да әрбір оқу пәнінің еңбек сыйымдылығы кредитпен айқындалады.

10. Академияда ОЖЖ-га қосымша жыл сайын элективті пәндер каталогы әзірленеді, ол таңдау компонентіне кіретін пәндердің жүйеленген аннотацияланған тізімі болып табылады.

11. Бітіруші түлектері бар кафедралар ЭПК-н құрастыру кезінде ғылымның, практиканың, инновацияның даму тенденциялары, нарықтың қажеттіліктері және Академияның білім беру қызметтерін тұтынушылардың сұраныстары ескерілуі керек. Элективті пәндер тізбесін әзірлеуге және элективті пәндер каталогтарын қалыптастыруға жұмыс берушілердің мүдделерін ескеру мақсатында бизнес-құрылымдардың өкілдері, практика мамандары және кәсіпорын басшылары белсенді қатысады.

12. Элективті пәндер каталогын құру процедуrasesы келесідей: әр кафедра өзі жасаган пәндердің тізімін ұсынады, пәндерге пререквизиттер, постреквизиттер, ұсынылған курстың қысқаша мазмұны, сондай-ақ оқытудың қалыптасқан нәтижелері қоса беріледі (*бастапқы және келісу бетін толтыру үлгісі мен ЭПК құрылымы осы Ереженің 1, 2 қосымшаларында көрсетілген*). Білім беру бағдарламасын жасауда жауапты бітіруші түлектері бар кафедра осы ББ бойынша ұсынылған барлық пәндерді және жұмыс берушілер мен жоғары курс білім алушыларының қатысуымен кафедра мәжілісінде талқылап, өз саласында белсенді өмірлік ұстанымы бар кәсіпқой маманды қалыптастыруға ықпал ететін пәндерді элективті пәндер каталогына енгізу туралы шешім қабылдайды.

13. Жұмыс беруші белгілі бір ұйымдарда немесе кәсіпорындарда олқылық немесе кадр тапшылығы бар еңбек қызметінің саласын ұсынады. Осының

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.61-2023 30.11.2023 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 7 - 10

негізінде пәннің атауы, мазмұны, мақсаттары мен міндеттері, сқыту нәтижелері, сондай-ақ білім алушылардың оқытушымен аудиториялық жұмыс сағаттарының арақатынасы, бақылау турлері өзгертіледі. Элективті пәндер кредиттерінің саны осы пән бойынша ақпарат көлеміне, сондай-ақ практикалық және семинарлық сабактарда пән бойынша дағыларды менгерудің күрделілігі мен уақытына байланысты.

14. ББ ЭПК-ы бітіруші түлектері бар кафедраларда талқыланады және ұсынылады, факультеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесі мақұлдағаннан кейін Академияның Фылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

15. Бекітілген ЭПК Академияның сайтында орналастырылады, ОӘҚ, Тіркеуіші кеңесінде және кафедраларда бір-бір данадан болады.

16. ББ ЭПК-ын икемді, өндіріске мүмкіндігінше жақын бағдарламаларды құруға арналған. Білім алушыларға ойластырылған және тұтас білім беру траекториясын қалыптастыруды құзыретті көмек көрсету үшін әдвайзерлер қызметі қарастырылған.

17. ЭПК-ы академиялық кеңес беру және барлық деңгейдегі білім алушылардың жеке білім беру траекториясын қалыптастыру кезінде әдвайзерлердің жұмысы үшін негізгі құжат болып табылады. Әдвайзерлер студенттерге енбек нарығының қажеттіліктерін, жұмыс берушілдердің талаптарын және студенттердің мұдделерін көрсететін жеке оку жоспарларын құруға көмектеседі.

ББ ЭПК келесі талаптарға сәйкес бітіруші түлектері бар кафедралармен әзірленуі тиіс:

1. Элективті пәндер білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін үгереу қажеттілігіне сәйкес анықталады.
2. Элективті пәндер ECTS кредиттерінің санын көрсете отырып, пәндердің қысқаша мазмұнымен ұсынылған.
3. Элективті пәндерді оку тәртібі академиялық өзара байланыс логикасына және пәндерді оку реттілігіне сәйкес, яғни пререквизиттер мен постреквизиттерді көрсете отырып жүзеге асырылады.

7. Жауапкершілік, келісу

18. Мазмұнына, келісімге, бекітуге, мұдделі тұлғалардың назарына жетінізуге әзірлеуші жауапты.
19. Жергілікті деңгейдегі жауапкершілік ЭПК әзірлеушілеріне жүктеледі.
20. Ереженің соңғы нұсқасы туралы шешімді келісу парагында көрсетілген жауапты тұлғалар қабылдайды.
21. Ережені бекіту туралы шешім Академияның Фылыми кеңесінің мәжілісінде ұжымдық дауыс беру арқылы қабылданады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ <u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	П 017-1.61-2023 30.11.2023 ж. Бет 8 - 10
--	--	--

8. Өзгерістер енгізу тәртібі

22. Осы Ережеге өзгерістер енгізуді әзірлеуші әзірлеу және бекіту сияқты тәртіппен жүзеге асырады.
23. Өзгерістер мен толықтырулар Ғылыми кеңестің мәжілісінде бекітіледі. Өзгерістер құжаттың келесі редакциясына дейін жарамды. Ереженің жұмыс данасына өзгерістер енгізуді оқу-әдістемелік қызметі жүзеге асырады.
24. Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің қызметкері Ереженің түпнұсқасының ісінде оны ауыстыру туралы Ғылыми кеңес шешімі хаттамасының нөмірі мен күнін көрсете отырып, «жойылды» деген жазба жасайды. Күші жойылған құжаттың түпнұсқасын оқу-әдістемелік қызметінің қызметкері мұрағатқа сақтауға тапсырады.

9. Тарату, сақтау


25. Осы Ережені талқылауға және бекітуге жіберуді әзірлеуші жүзеге асырады.
26. Осы Ереженің жұмыс данасы оқу-әдістемелік қызметінде сақталады және Академия сайтында орналастырылады.
27. Құжаттың түпнұсқасы оқу-әдістемелік қызметінде сақталады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.61-2023 30.11.2023 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 9 - 10

Келісу парагы

Әзірленді:

Әдістемелік
бөлім басшысы



А.С.Вырахманова

Келісілді:

Оқу және оқу-әдістемелік
жұмыс жөніндегі проректор



III.А.Амирбеков

Оқу-әдістемелік қызмет
басшысы




Ж.А. Джумадилова

Оқу үдерісін жоспарлау және
ұйымдастыру қызметінің
басшысы




Б.К.Турдалиева

Оқу үдерісін үйлестіру
бөлімінің басшысы



Д.У.Абишева

Офис-тіркеуші бөлімінің
басшысы




А.А.Шомшекова

Заң бөлімінің басшысы



Г.Д.Сейтбекова

Стратегиялық жоспарлау
және сапа менеджменті
бөлімінің басшысы



А.Е.Молдабаева

1 қосымша. Бастапқы және келісім толтыру нысанды

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.83-2023 30.11.2023 ж.
<u>Нысан</u> нормативтік құжаттың түрі		

Темірбек Жүргенов атындағы
ҚазҰТА Ғылыми кеңес шешімінің
2023 ж. «__» __ № __ хаттамасымен
**БЕКІТІЛДІ
УТВЕРЖДЕНО**
решением Ученого Совета КазНАИ
имени Темирбека Жургенова
«__» __ 2023 г., протокол № __

6B02187 – Графика білім беру бағдарламасы бойынша

ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

2023-2027 оку жылдарына арналған
Бакалавриат

**КАТАЛОГ
ЭЛЕКТИВНЫХ ДИСЦИПЛИН**
по образовательной программе 6B02187 – Графика
на 2023-2027-учебные годы
Бакалавриат

CATALOG OF ELECTIVE DISCIPLINES
according to the educational program 6B02187 – Graphics
for the 2023-2027 academic year
Bachelor's degree

Алматы 2023 ж./г.

Almaty 2023 y.

6B02187 – Графика білім беру бағдарламасының жетекшісі:
Б.С.Тұрғынбай, көркемсурет кафедрасының менгерушісі, профессор

Элективтік пәндер каталогының құрастыруышылары:
К.Т.Шүкірбеков, көркемсурет кафедрасының профессоры
Ш.М.Бердіқожа, көркемсурет кафедрасының оқытушысы

Көркемсурет кафедрасының мәжілісінде қарастырылды, 2023 ж. 00.00 №0
Көркемсурет кафедрасының менгерушісі _____ Б.С.Тұрғынбай
Кескіндеме, мұсін және дизайн факультетінің АСжК мәжілісінің шешімімен
мақұлданды, 2023 ж. 00.00 №0
АСжК төрағасы _____ Б.Н.Байділда

Руководитель образовательной программы 6B02187 – Графика:
Тұрғынбай Б.С., заведующий кафедрой изящных искусств, профессор

Составители каталога элективных дисциплин:
Шүкірбеков К.Т., профессор кафедры изящных искусств _____
Бердіқожа Ш.М., преподаватель кафедры изящных искусств _____

Рассмотрено на заседании кафедры изящных искусств протокол №0 от 00.00.2023 г.

Зав. кафедрой изящных искусств _____ Тұрғынбай Б.С.
Одобрено на заседании САК факультета живописи, скульптуры и дизайна
протокол №0 от 00.00.2023 г.
Председатель САК _____ Байділда Б.Н.

Head of the educational program 6B02187 – Graphics:
Turgynbai B., Head of the Department of Fine Arts, Professor

Compilers of the catalog of elective disciplines:
Shukirbekov Kh., Professor of the Department of Fine Arts _____
Berdikozha Sh., Lecturer at the Department of Fine Arts _____

Considered at a meeting of the Department of Fine Arts, protocol №0 dated 00.00.2023

Head Department of Fine Arts _____ Turgynbai B. Approved at a
meeting of the AQC of the Faculty of Painting, Sculpture and Design, №0 dated
00.00.2023
Chairman of the AQC _____ Baidilda B.

Мазмұны

1. А блогы.....	бәт.
2. Б блогы.....	бәт.

Содержание

1. Блок А.....	стр.
2. Блок Б.....	стр.

Content

1. Block A.....	p.
2. Block B.....	p.

А блогы/ Блок А/ Block A

Модуль атауы Наименование модуля Name of the module	Тақырыптық сурет Тематический рисунок Thematic drawing
Пәннің атауы Название дисциплины Name of the discipline	Тақырыптық сурет Тематический рисунок Thematic drawing
Пән циклі Цикл дисциплины The cycle of discipline	БП, ТК БД, КВ BD, CC
Пән коды Код дисциплины Discipline code	TR 4236
Семестр/ Term	8
ECTS кредит саны Количество кредитов ECTS Number of ECTS credits	6
Оқу сабактарының нысаны мен түрлері /сайт саны	Практикалық сабак – 60 с./2 кр. БОӘЖ – 30 с./1 кр. БӘЖ – 90 с./3 кр.
Форма и виды учебных занятий /количество часов	Практические занятия – 60 ч./2 кр. СРОП – 30 ч./1 кр. СРО – 90 ч./3 кр.
The form and types of training sessions /number of hours	Practical exercises – 60 h. /2 credit. IWSWT – 30 h./1 credit IWS – 90 h./3 credit
Пререквизиттер Пререквизиты Prerequisites	«Академиялық сурет», «Фигураның академиялық суреті» «Академический рисунок», «Академический рисунок фигуры» «Academic drawing», «Academic figure drawing»
Зерттеу мақсаттары/Цели изучения/ Objectives of the study ¶	
Студенттердің табиғатты қөлемді-кеңістіктік қабылдаудың дамыту. Графикалық суретте қолданылатын шынайы және стильтендерілген бейнелеу әдістерінің дағдыларын қалыптастыру.	
Выработать у студентов объемно-пространственного восприятия природы. Формирование навыков реалистического и стилизованного методов изображения, применяемые в графическом рисунке.	
To develop students' volumetric-spatial perception of nature. Formation of skills of realistic and stylized methods of representation used in graphic drawing.	

Мазмұны/Содержание/Content ↓

Тақырыптық сурет-бұл табигатты сурет салудың соғы кезеңі. Натурадан фигуralардың шығармашылық тақырыптық сыйбасын жасау үшін алдыңғы жинақталған тәжірибелі пайдалану.

Тематический рисунок является завершающим этапом в рисовании натуры. Использование предыдущего накопленного опыта для создания творческого тематического рисунка фигур с натуры.

Thematic drawing is the final stage in drawing from nature. Using previous experience to create a creative thematic drawing of figures from nature.

Негізгі құзыреттер/Ключевые компетенции/ Key competencies ↓

Тақырыптық графикалық жұмыстарды жасау үшін әртүрлі әдістерді қолдану:

- жұмыстың эмоционалды мазмұнын, автордың идеялық ниетін ашатын суреттің экспрессивті құралдарын менгеру;
- суреттегі композициялық есептерді шешу;
- бейненің табигаттан берілуін талдау мен синтездеуді, көркем-образдық ойлау принциптерін менгеру.

Профессионально применять различные техники для создания тематических графических работ:

- владеть выразительными средствами рисунка раскрывающее эмоциональное содержание работы, идейный замысел автора;
- решать композиционные задачи в рисунке;
- владеть анализом и синтезом передачи изображения с натуры, принципами художественно-образного мышления.

Professionally apply various techniques to create thematic graphic works:

- to possess expressive means of drawing that reveal the emotional content of the work, the ideological concept of the author;
- solve compositional problems in drawing;
- to master the analysis and synthesis of image transmission from nature, the principles of artistic and imaginative thinking.

Қорытынды бақылау нысаны

Практикалық көрсету, көрсетілім

Форма итогового контроля

Практический показ, просмотр

The form of final control

Practical demonstration, viewing

Пән бойынша оқу нәтижесі/ Результат обучения/ The result of the training

- жұмыстың эмоциялық мазмұнын ашатын суреттің мәнерлі құралдарын менгеру, автордың идеялық ойын ашу.
- суреттегі композициялық шешімдерін табу.
- негізгі композициялық дақтарды анықтау үшін тонды қатынас градацияларын ажырату.
- форэскиздер, эскиздер түрінде этюдтік материалдарды жинау және өндөу.
- шығармашылық-бейнелік ойлау принциптерін, натурадан бейнені беру талдауын және синтезін менгеру.
- владеть выразительными средствами рисунка раскрывающее эмоциональное содержание работы, идейный замысел автора.
- решать композиционные задачи в рисунке.
- различать градации тоновых отношении для выявления основных композиционных пятен.

- проводить сбор и обработку этюдных материалов в виде форэскизов, эскизовистория. владеть анализом и синтезом передачи изображения с натуры, принципами художественно-образного мышления.
 - possess expressive means of drawing revealing the emotional content of the work, the authors ideological intention.
 - solve compositional problems in a drawing.
 - distinguish gradations of tone relations to identify the main compositional spots.
 - to collect and process sketching materials in the form of sketches, sketches.
- master the analysis and synthesis of image transmission from nature, the principles of artistic and imaginative thinking.

Үлестірмे материал	ПОӘК, практикалық сабактарға арналған тапсырмалар.
Раздаточный материал	УМКД, задания для практических занятий.
Handout	The educational and methodological complex of the discipline, tasks for practical training